ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»

14th April 2017, Astana

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»

PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58
Ғ 96

Ғ 96
«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докоранттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017

продукции стабилизируется на Карачаганакском перерабатывающем комплексе (ККЗ) мощностью около 250 кБб / д и экспортируется на западные рынки через Каспийский трубопроводный консорциум (Eni'sinterest 2%) и трубопровод Атырау-Самара. Оставшиеся объемы производства нестабилизированной жидкости (около 16 KBBL / d) реализуются на российском терминале в Оренбурге.

Также изучается проект расширения Карачаганак. Целью проекта является установка, поэтапно, газоочистных установок и установок обратной закачки для поддержания профиля добычи жидкости. План развития в настоящее время находится в фазе технического и маркетингового определения его первой фазы разработки, направленной на увеличение мощности повторной закачки газа. Eni продолжает оказывать поддержку местным сообществам в близлежащем районе Карачаганакского месторождения. В частности, мероприятия были сосредоточены на: (i) профессиональном обучении; И (ii) строительство детских садов, содержание больниц и дорог, строительство теплоцентралей и спортивных центров.

Более того, после пересмотра санитарно-защитной зоны (СЗЗ), связанной с текущими проектами развития, в 2015 году в соответствии с международными стандартами и наилучшей практикой начался проект переселения жителей из деревень Березовка и Бесту.

Eni продолжает проводить мониторинговые мероприятия по биоразнообразию и экосистемам в близлежащих районах производства.

В заключении, хотелось бы отметить взаимовыгодное сотрудничество этих ТНК, занимающих лидирующее строчки FortuneGlobal 500, и оборотом большим, чем у многих государств. Дипломатический аспект, сейчас важен и в экономической сфере, потому что эти корпорации расширились лишь благодаря тому, что постоянно опирались на дипломатию в осуществлении своих интересов за пределами государства.

Список использованных источников:

1. https://www.eni.com/
2. http://www.cnpc.com.cn/

ӘОЖ 330.34(592.3):(574)

СИНГАПУР МЕМЛЕКЕТІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ТӘЖІРИБЕСІН ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОЛДАНУ

Ермуханова Жанель Жанатқызы
zhanel_500@mail.ru
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті,
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі- Тулешова Л.Х.

Кілт сөздер: Қазақстан, Сингапур, экономика, үлгі, Оңтүстік- Шығыс Азия.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан бері басқа мемлекеттер мен аймақтарға қатысты ұзақ мерзімді және белсенді сыртқы саяси стратегияны құруға ұмтылып жатыр.Әсерлі экономикалық өсу көрсеткіштері мен болашақта көпполярлы әлемнің тіректерінің бірі бола алатын Оңтүстік-Шығыс Азия аймағы Қазақстан үшін ерекше маңызға ие. Оңтүстік- Шығыс Азия мемлекеттері қазақстандық экономикаға, әсіресе отын-жанармай секторының маңызды инвесторлары болып табылады.[1] Екінші жағынан бұл аймақ Қазақстан үшін көмірсуларды әлемдік нарықтарға тасымалдау жолдарын диверсификациялау мәселесі контекстінде маңызды назар алып жатыр.[2] Сонымен қатар, Оңтүстік- Шығыс Азия Қазақстанның азиялық континентте қауіпсіздікті күшейту стратегиясында аса маңызды. Аймақ елдері Қазақстанның Азиядағы өзара әрекетшілдік пен сенім бойынша кеңесіндегі (СВМДА) күш салуын белсенді қолдады.[3] Ол, өз кезегінде бейбіт пен қауіпсіздіктің

күшейтумен қоса, Қазақстанның әлемдік геосаясаттың маңызды акторы ретінде бекітілуіне өз әсерін тигізді. Қазақстанның әлемдік бәсекелестікке ие 50 алдыңғы қатарлы мемлекеттер құрамына кіруіне Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің тәжірибесі өте маңызды.Осы контекстіде Қазақстан үшін маңыздылыққа ие Сингапур мемлекетін атап көрсету керек.

Сингапур- тарихи аз уақыт ішінде үлкен эволюциядан өтіп, әлемдік халықаралық байланыстарда маңызды орынға жетті, онымен қоса саяси тұрақтылығы мен ұлттық өзгешеліктерін жоғалтпай, сақтап қала алды.Сингапур мемлекеті әлемдегі қызу кеме жүретін жүк тиейтін порт дәрежесіне ие. Қазақстан болса, құрлықты жер, сонымен қатар теңізге шығу жолдарын қамтамасыз ететін кеме жүретін өзеңдеріміз жеткіліксіз. Географиясынан басқа, Қазақстан- Кеңес үкіметінен бері келе жатқан сауданың орталықтан жоспарлау мұрасына ие. Сингапур, керісінше, ылғи еркін сауда жақтағышы болған. Демек, сингапурлықтар инстинктивті түрде нарық күші мен коммерциялық ынта күшін түсінеді.Сингапур мемлекеті территориясы аз, ресурстарға бай емес, алайда екі ел арасындағы мемлекеттік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан,Сингапурдың қысқа уақыт ішіндегі экономикалық өсу тәжірибесін, менің ойымша, түйіп, Қазақстанға қолдануға болар еді.

Сингапур мемлекетіне қысқаша тарихи шолуға тоқтасақ, бұл мемлекет туралы алғашқы деректемелер ертедегі қытай жазуларынан басталады. Онда Сингапур — Шривиджая ежелгі Малай хандығының Суматрада орналасқан бір бөлігі екендігі және явандық аты Суматра болғандығы айтылады. Сингапур 63 аралдан тұрады. Олардың ішіндегі ең бастысы Пулау Уджонг (Малай: тікелей мағынасы 'пенинсула - аралдың соңы') немесе Сингапур аралы бұл Сингапур арал-мемлекетінің басты аралы. Оған қоса ел аумағына 58 ұсақ арал да кіреді.[4] Оңтүстік- Шығыс Азияда, Малакка мемлекетінін оңтүстігіне қарай орналасқан. Территориясы 719,2 км2.[5] Халқы 5,6 млн-нан аса, тығыздығы 1 км2 шаққандағы 7797 адам (әлемдегі халқы ең тығыз орналасқан мемлекеттердің бірі).[6] Мемлекеттік тілі- малай, ресми- қытай, тамиль және ағылшын тілдері.[7] Ақша бірлігі- сингапур доллары (АҚШ 1 доллары=1,60синг. Доллары). Адам басына орташа жылдық табысы 55 150 мың доллар.[8] Инвестициялық ахуалы өте жақсы, бәсекелесу деңгейі өте жоғары, экономикалық бостандығы жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатардағы елдердің тізімінде. Жергілікті халқы білікті, білімді, тәртіпті, тәрбиелі болады. Халықтың дәулетті соңғы уақытта жоғарылай түскен.

1965-інші жылы тәуелсіздік алғанда Сингапур әлемнің ең кедей елі болатын. Ішетін таза су мен құрылысқа керектенетін құмның өзін көрші Малайзиядан алған. Қандай бір табиғи байлық жоқ. Малай, Қытай, Индиялықтар болып, тағысын тағы қырық темірдің қылауынан құралған халқының саны үш миллион, адам басына шаққан ЖІӨ-і 974 мың доллар, 1000 долларға да жетпейтін еді.[9]

Ал кәзір болса, әлемнің ең алдыңғы экономикасының бірі, алтын қоры, қаржы қаражат, ақпараттық технология жағынан Еуропаның көптеген дамысты елдерін артқа тастаған, 2016 жылы ЖІӨ-і 300 миллиард [10], бір адамға шаққандағы ЖІӨ 73 137 мың долларға жеткен алпауыт елге айналды.[11]

Қысқаша айтатын болсақ, сонымен, бір ұрпақтың ғана көз алдында Сингапурдың жеткен дамысының кілті мынада деп түйдім:

1. Сингапур билігі инвестицияны ең әуелі адамына, халқына жасаған. Еңбекқор, тәртіпті, білімді адам тәрбиелеуді Үкіметтің ең алдыңғы мақсаты, міндеті болдырған. Жеке адамның жауапкершілігін арттырған. Халықтың әл ауқатын жақсартып, сапалы өмір сүру мүмкіндігін туғызу үшін алдымен төменгі үш мәселені шешкен.

• Сапалы білім
• Қолжетімді баспана
• Бизнес жасайтын мүмкіндік

2. Билік халықтың алдында барынша таза, адал жұмыстауды мақсат еткен. Барлық қиындық, проблемаларды жасырмай ашық айтып, шешетін жолдарын ақылдасып отырған да, еңбекқорлық, қатаң тәртіпті халқынан талап еткен. Жемқорлықты түбірімен жойған. Заң

алдында ешкімге жеңілдік көрсетпеген. Алғашқы Премьер- министр Ли Куан Ю заң бұзған туыстарын да, достарын да аямаған.

3. Билікке, мемлекеттік қызметке, бизнес пен экономиканы басқаруға өте жоғары білімді технократтар, таза адамдарды шақырған. Оларды қолдаған, өсірген. Туыстық, достық қатынасты мемлекет қызметінен, биліктен мүлде аластаған.

4. Шет елден көмек алуды мақсат етпеген, керісінше тура қаражат кіргізуді (FDI), еркін сауда саттық пен озық технология енгізуді қолдаған. Шеттікі дегеннің бәрін қотармаған, ең жақсы, нәтижелі, озық тәжрибені ғана көшіріп пайдаланган.

5. Ұлт аралық қатынасқа ерекше мән берген. Қытай, малай, тамил тілдерінің артта қалған диалектлерінде сөйлейтін, өз ара бірін бірі түсінбейтін, үш бөлек дінге бас ұратын этностардың басын біріктіріп, ағылшын тілін ортақ тіл болдырып, «біз сингапурлықпыз» дегенді мақтанышқа айналдырған.

6. Саяси тұрақтылықты қалыптастырған. Заңды жиі өзгертпеген, ойын ережесін саясатта болсын, бизнес, экономикада болсын түсінікті болдырып, бизнестерді шет елдікі, өзіміздікі деп алалап айырмаған, бәріне бірдей мүмкіндік жасаған.

7. Ағылшын тілін ұлт аралық қатынас тілі ғана емес мемлекеттік әкімшілік және бизнес тіліне айналдырғаны ең маңызды шара болған. Мұнымен қатар бәсекеге қабілетті жастар дайындау, талантты жастарды ғылым, технология, бизнес пен экономиканы басқаруға, ағылшын тілін жеттік меңгеруге баулығаны жеке адамға жасаған ең тиімді инвестиция, дамыстың ең негізгі кілті болған.

8. Прагматизм үкіметтің ең мықты ұстанымы болған. Үлкен жеңістің жолын ашатын кішігірім істерді алдымен қолға алған. Даңғаза әрекеттерге бармаған. Мысалы,Үкімет ең алғаш нақтылап қолға алған істің бірі қала тазалау болған екен. Керекті керексіз халықаралық жиын өткізгенше бір ауылға ауыз су құбырын жеткізген әлдеқайда пайдалы деп есептеген.

9. Барлық көршілермен тату болу саясатын берік ұстаған, ешкіммен кикілжіңге бармаған. Халқының ойын басқаға бөлмей, тек даму, ілгерлеуге құлшынатын толық жағдай жасаған.

Сингапурдың әлеуметтік- экономикалық дамуының ерекшеліктері:

Сингапур үкіметі мемлекетте айқын нарықтық экономикалық жүйе құрған.

Мемлекетте компьютер өндіру, электронды және телекоммуникациялы жабдықтар, биотехнологиялар, лазерлі оптика өндірісі, жоғарғы технологиялы ғылымды қажетсінетін салаларға көп көңіл бөлінеді. Әскери сала өндірісі (атыс қару-жарағы, тез жүретін патрульды теңіз кемелері, радиоаппаратура, оқ-дәрі) негізінен экспортқа тасымалданады. [12] Сонымен қатар кеме жөндейтін және кеме жасаушы өнеркәсңптер дамыған. Теңіздік қайраңда кең өндіру жерлеріне арналған жылжымалы бұрғылау қондырғылары өндіріледі. Жартылай өткізгіш және телекоммуникационды заттарға әлемдік өндірістің өсуі электроника саласыөндірісінің өсіміне әкелді. Сингапур электроника, биотехнологиялар, химиялық сала өнеркәсібінің заттары, алкогольді және табак өнімдері, мұнай өнеркәсібіне арналған жабдықтар, резеңке және т.б тауарларды өндіреді. Дамыған қызметтер саласы салық түріндегі 70% дейін түсім әкеледі.[12]

Сингапур мемлекетінің сауда және индустрия Министрлігінің мәліметтері бойынша 2017жылы ЖІӨ-і- 327 млрд доллар, жылдық көрсеткіш бойынша 9,48%-ға өсті (31 млрд доллар).[13] Бұл нәтижеге негізінен өнеркәсіп саласы -11,4% және қызмет саласы - 6,9% өсімінің арқасында қол жетілді.[14] 2017ж өнеркәсіп саласының өсуі арқасында 133 мың жұмыс орны пайда болды, жұмыссыздық дәрежесі 2,2% құрады.[15] 2017 жылдың I кварталында сыртқы сауда көлемі (14,6%), коммуникациялық және транспорттық салалар (3,4%), қаржы қызмет саласы (8,4%), қонақ үй және ресторан қызмет саласы (4,7%), электроника (6%), мұнай- химия (13,4%), туризм (16,402%), құрылыс (2,3%) құрады. [16] Үкімет қолайлы әлемдік және аймақтық сауда- экономикалық конъюктура, реструктуризация, мемлекет экономикасы диверсификациясына бағыт алды. Жергілікті билік энерготасымалдағыштарға бағалардың өсуі, эпидемиологиялық аурулардың тарауы,

аймақтағы техногендік катастрофалар өсімі сияқты сыртқы жағымсыз факторлардың әсерін азайтты. Үкімет мемлекеттегі іскерлік климаттың жақсаруы, инфляцияны шектеу саясатын жүргізуде. 2017жылы жергілікті экономикаға инвестициялар көлемі $3,6млрд, шет елдердегі жалпы көлемі $172,9млрд [17], шет елдік инвестициялы өнеркәсіптер (ПИИ) -$90млрд (негізгі алушылары- Британдық Вирджин аралдары -14,4%, Қытай- 12,4%, Малайзия — 8,7%, Бермуд аралдары — 7,6%, Гонконг — 7,5%).[18] Сингапурда 3,5 мың әлемдік алдынғы қатарлы компаниялардың бөлімдері орналасқан. 102 трансұлттық компаниялардың аймақтық өкілдіктері бар.[19] Сыртқы сауда көлемі $72,595.7. Негізгі сауда серіктестері – Малайзия, АҚШ, Жапония, Гонконг. Сингапур валюталық биржаның операциялар бойынша жылдық айналымы тек Лондон, Нью-Йоркке орын беріп, аз ғана дәрежеде Токиоға жетпейді. Банктер саны бойынша (121)[20] Лондон және Нью-Йорктен кейін үшінші орында. Ли Сянь Лун Премьер-министрінің пікірі бойынша «экономикадағы өсімді ары қарай ұстап тұру үшін, сингапурлық халық сыртқы жағдайларға бейімделіп, бәсекелі және компетентті қала беруі керек (Әлемдік бәсекеге мүмкіндік халықаралық шолу мәліметтері бойынша (The Global Competitiveness Index 2016–2017) 2017ж Сингапур 2-ші орында.[21] Бұл контекстідегі Сингапурдың негізгі мақсаты - Оңтүстік-Шығыс Азиядағы алдынғы (қаржы, порт, авиациялық, технологиялық, ақпараттық, мұнай игеруші, білім, медицина т.б салаларда) қатарлы қала- мемлекеттен, Лондон немесе Нью-Йорк сияқты «жаһандық қалаға» айналдыру.

Қазақстан- Сингапур қатынастары. Қазақстан Республикасы мен Сингапур республикасы арасындағы қарым-қатынастар 1993жылдың 30 наурызында бекітілді.[22] 2003жылдан қарашасынан бастап Сингапурда ҚР Дипломатиялық миссиясы ашылды. 2006жылдың 11 желтоқсанындағы ҚР Президенті жарлығы бойынша дипломатиялық миссия Сингапурдағы ҚР Елшілігіне айналдырылды. Сингапур мемлекетімен Алматыдағы Құрметті Консулдығы ашылды. 1991 жылдан бастап қазіргі күнге дейін 2 мемлекет арасындағы ресми сапарлар жүргізіліп, тығыз екіжақты қатынастар жалғасып жатыр.

Сингапур- ҚР Оңтүстік –Шығыс азия (ЮВА) және Атлант- Тынықмұхиттық аймақта (АТР) серіктестігінде маңызды орын алуда. ҚР Президенті – Н.Ә.Назарбаев, Сингапур басшылары, Президент- Тони Тан Кен Ям, Премьер-министр- Ли Сянь Лун және бірінші басшылары С.Р.Натан мен Ли Куан Ю арасындағы белсенді қарым-қатынастары бұл мәселеде негізін құрады. Қазақстан мен Сингапур халықаралық қатынастардың өзекті және сыртқы саяси мәселелері бойынша тығыз позицияларын көрсетуде. Қазақстан мен Сингапур арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық дамуында оң серпін байқалады. Атап айтқанда, екіжақты тауар айналымы көлемі 2014 жылы – 85,9 млн. АҚШ долларын, 2015 жылы – 351,5 млн.АҚШ долларын, 2016 жылы – 193,5 млн.АҚШ долларын құрады. Сингапур қазақстандық тауарларды сату нарығына айналуда – соңғы жылдары арал-мемлекетке қазақстандық экспорттың едәуір өсуін атауға болады - 2014жылғы 1,6 млн.АҚШ доллардан 2015 жылғы 55,5 млн.АҚШ долларына және 2016 жылғы 102,4 млн.АҚШ доллардан 2017 жылғы 189,1 млн. долларына дейін.

Қазақстандық экспорттың негізін шикі мұнай мен битуминоздық минералдардан алынатын шикі мұнай өнімдері құрайты. Сингапурдан импорт құрылымын мал және өсімдіктен жасалған өнімдер, азық-түлік, химия өнеркәсібінің, зергерлік, пластмасса мен ағаштан жасалған өнімдері, сондай-ақ электр және механикалық жадықтар, көлік, электрондық, оптикалық аспаптар құрайды.

Сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған келесі іс-шаралар өткізілді:

2014 жылғы 27 наурызда Алматыда Қазақстан-Сингапур бизнес форумы өтті.

2014 жылғы 15 қазанда Сингапурда Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтардың инвестициялық әлеуетіне арналған бизнес-конференция өтті.

2015 жылғы 13-15 сәуірде Астанада Қазақстан-Сингапур бизнес форумы өтті.

2015 жылғы 18 қыркүйекте Сингапурда Қазақстан Республикасының инвестициялық мүмкіндіктерін презентациясы бойынша роуд-шоу өтті.

Көп жылдар бойы, Қазақстан мемлекеті даму тарихында Сингапур тәжірибесімен ұқсас белгілер- бағдарламалар анықталады. Оның ішіндегі біріншісі- ең үздік көрсеткіштер көрсеткен студенттерді шет елдерге оқуға жіберетін «Болашақ» шәкіртақы бағдарламасы. Ол Сингапур мемлекеттік қызметінің дамыған бағдарламасына ұқсас келеді. Екінші мысалы ретінде, «Khazanah Nasional Berhad» Сингапур инвестициялық фонды мен «Temasek Holdings» корпорациясының тәжірибесінен үйренген Қазақстанның ұлттық әл-ауқат «Самұрық- Қазына» фонды.[23] Сонымен қатар, Қазақстан Сингапурдың білім жүйесін зерттей отырып, политтехникум және техникалық университеттер, университеттер басқармасына өкілдерін жіберген болатын. Төртінші мысалы ретінде Сингапурдың әкімшілік қызметіне ұқсас Қазақстандық А корпусының құрылуы. Соңына келетін болсақ, Сингапурдың Орталық қамтамасыз ету фонды идеясына сәйкес Қазақстандық зейнет реформасы.

Сингапур мемлекетінің тәжірибесі Қазақстан үшін неліктен пайдалы деген сұраққа келетін болсақ, менің ойымша, кем дегенде үш маңызды себепті атап көрсетуге болады.

Біріншіден, Қазақстан басшылық құрылымы ішінен мемлекетте институционалды реформалар, әсіресе меритократиялық азаматтық қызмет ұйымдастыру пен заң ұлықтылығын күшейту, тәуелсіз сот жүйесін құру қажеттілігін қолдайтындары өсіп жатыр.Үкіметтің индустриализация, экономиканың диверсификациясы және жоғарғы білім саласындағы қойған міндеттерінің сыбайлас жемқорлық және т.б сияқты кейбір себептермен реализацияға мүмкіндігі болмады. Президент Н. Назарбаев және үкіметтегі реформаторлар кабинеті- Қазақстан модернизациясы мемлекет модернизациясынан басталуы керек деген пікірге келді. Ол, өз кезегінде, Сингапурдың әжептәуір аз-ақ уақыт ішінде табысқа жетіп, жүзеге асырған жетістіктерінің бірі.

Екіншіден, Сингапурдағыдай Қазақстанның геосаяси қалпы- күрделі мәселе болып табылады. Қазақстан Ресей және Қытай мемлекеттерімен жақсы қарым-қатынас қолдап тұрады. Ұзақ мерзімді болашақта Ресей Қытай мемлекетін қауіп ретінде қарастыруы мүмкін. Ондай жағдайда Қазақстан күрделі таңдау мәселесіне тап болады. Өзінің көптеген көршілеріне қарағанда Қазақстанда Президенті Н.Ә.Назарбаевтың шебер дипломатиясының арқасында өркендеп, бейбітшілік пен татулық орнаған.Сингапур сияқты, Қазақстан өз тәуелсіздігі мен табысында үлкен жетістіктерге жеткізетін ұзақ мерзімді мықты саясатты әзірлеп, жүзеге асыруына күш жұмылдыруы керек.

Үшіншіден, Сингапурдың соңғы 50 жыл ішіндегі жетістіктеріне үлкен таңданыс бар. 1991 жылдың мамыр айында Ли Куан Ю мырзаның Тәуелсіздігін енді алған Қазақстанға сапары нәтижесінде, Президент Н.Назарбаевқа ұмытылмас әсер қардырған. Өзінің мемуарларында Н.Ә.Назарбаев Ли Куан Ю және Шарль де Голль мырзаларды атап, еліктеу үлгісі ретінде белгіледі. Президент Н.Назарбаев Ли Куан Ю мырза дүниеден өткенде «Қазақстан екі ел арасындағы берік достық қатынастарды жасауға үлкен үлесін қосқан Ли Куан Ю аманатын ұмытпас»деген хабарлама жазған.[24]

Қазіргі жағдайда Қазақстанда бейбітшілік пен келісімге жетудің берік іргетасы салынған. Бүгінгі күні барлық қазақстандықтар экономикамыздың өрлеуі арқасында әл-ауқатымыздың жақсаруын байқап отыр. Бір адамға шаққандағы ЖІӨ көлемі 18 есе өсті! Осыны қазақстандық ғажап деп атасақ болады. Елбасының мемлекет алдына қойған профессионалды мемлекеттік аппарат құру, заң ұлықтылығы, экономикалық даму мен индустриализация, біртұтас болашақ ұлты, транспарентті мемлекет құруды қамтитын бес ұлттық реформаларының орындалуы, сырт жақтан жағымсыз әсерлерді еңсеріп, мемлекетті күшейтіп, модернизацияланған заманауи Қазақстанды құрудың тірегі болады. Бұл жердегі әлемнің ең динамикалы мемлекеттерінің тәжірибесін – Сингапур сияқты Азия айдаһарлары мен жолбарыс елдері, Жапония, АҚШ елдерінің экономикалық және саяси жетістіктерінің көрнекті мысалдарын өзімізге қаперге алып, қолдансақ, Орталық Азиядағы «Сингапурды» құрып, айтарлықтай жетістістіктергежетеміз деп сенемін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сингапур мемлекетінің сыртқы сауда, экспорт көрсеткіштері http://www.tradingeconomics.com/singapore/exports
2. World Integrated Trade Solution http://wits.worldbank.org/CountryProfile/en/Country/KAZ/Year/2013/TradeFlow/Export/Partner/SGP/Product/all-groups
3. Conference on Interaction and Confidence Building Measures in Asia (CICA) http://www.s-cica.org/page.php?page_id=7&lang=1
4. Singapore Government https://www.gov.sg/
5. Department of Statistics Singapore http://www.singstat.gov.sg/statistics/latest-data#16
6. Department of Statistics Singapore http://www.singstat.gov.sg/statistics/latest-data#16
7. Department of Statistics Singapore - http://www.singstat.gov.sg/statistics/latest-data#16
8. Гуманитарлы технологиялар- ЖІӨдәрежесі бойынша мемлекеттер рейтингі http://gtmarket.ru/ratings/rating-countries-gni/rating-countries-gni-info
9. The World Bank http://www.worldbank.org/en/country/singapore
10. The World Bank http://www.worldbank.org/en/country/singapore
11. Department of Statistics Singapore 1http://www.singstat.gov.sg/statistics/latest-data#16
12. Department of Statistics Singapore 1http://www.singstat.gov.sg/statistics/latest-data#16
13. Department of Statistics Singapore http://www.singstat.gov.sg/statistics/latest-data#16
14. Department of Statistics Singapore http://www.singstat.gov.sg/statistics/latest-data#16
15. The World Bank http://data.worldbank.org/country/singapore
16. Department of Statistics Singapore http://www.singstat.gov.sg/statistics/latest-data#16
17. Department of Statistics Singapore http://www.singstat.gov.sg/statistics/latest-data#16
18. Department of Statistics Singapore http://www.singstat.gov.sg/statistics/latest-data#16
19. Global 500- http://beta.fortune.com/global500/?iid=sr-link2
20. Singapore Government http://www.mas.gov.sg.aspx
21. G- Market Гуманитарлы технологиялар http://gtmarket.ru/news/2016/09/28/7304
22. Қазақстан Республикасының Сыртқы Істер Министлігінің ресми сайты http://mfa.gov.kz/index.php/kz/aza-stanny-syrt-y-sayasaty/aza-stanny-yntyma-tasty-y/aziya-zh-ne-afrika-memleketterimen-atynastar/8-material-aza/79-aza-stan-respublikasy-men-singapur-respublikasy-arasynda-y-atynastar
23. http://sk.kz/topblog/view/585
24. Tengrinews https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/nazarbaev-o-li-kuan-yu-ya-schital-ego-svoim-horoshim-drugom-272085/

УДК 327:070.1

РОЛЬ СМИ ВО ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКЕ И ФОРМИРОВАНИИ ОБРАЗА ГОСУДАРСТВА В МЕЖДУНАРОДНОМ МАССОВОМ СОЗНАНИИ

Ескендір Темірлан Мейірұлы
Магистрант специальности «Международные отношения»,
Факультета международных отношений
Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева
Научный руководитель - Альпеисов А.К.

Аннотация: В статье в качестве целевой аудитории при формировании имиджа будет рассмотрена международная общественность, то есть изменения политического образа страны в другом государстве через средства массовой информации.

Можно назвать следующие основные причины, по которым формирование позитивного национального бренда должно стать одной из основных стратегических задач международной политики государства.

Во-первых, значимость положительного образа страны обусловлена процессом